



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

№ 4 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2010 жылғы 8 ақпан

Берлинде «World Money Fair» халықаралық көрмесінде Krause Publications өткізетін монеталар конкурсының қорытындылары туралы

2010 жылғы 30 қаңтарда Берлинде «World Money Fair» халықаралық көрмесінде Krause Publications өткізетін конкурстың қорытындысы шығарылды.

Конкурс шеңберінде монета сарайларында соғылған немесе мемлекеттік органдар – эмитенттер шығарған ең үздік монеталар бірнеше номинациямен айқындалды. Конкурстық комиссия конкурс өткізу кезінде шығарылған коллекциялық және ескерткіш монеталарды дербес іріктеп алды. Монеталарды бағалау дизайнының тартымдылығын, көркемдік орындалуын және соғылу сапасын бағалауға негізделді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «**Ұлы қолбасшылар**» сериясынан шығарылған «**Шыңғыс хан**» ескерткіш күміс монетасы «**Тарихи тақырып бойынша ең үздік монета**» номинациясымен марапатталды.

«**Ұлы қолбасшылар**» сериясынан номиналы 100 теңгелік «**CHINGIZ KHAN**» (**Шыңғыс хан**) монетасы 2008 жылғы 31 мамырда айналысқа шығарылды.

Монетаның бет жағында (аверсінде) ортада Қазақстан Республикасы елтаңбасының алтындатылған суреті монетаның номиналын білдіретін «100 ТЕҢГЕ» деген жазу, ат үстіндегі жауынгер, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі және монетаның соғылған жылын білдіретін «2008» деген сан орналасқан. Монетаны айналдыра шығыңқы жиек жүргізіліп, мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» және ағылшын тілінде «NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазу жазылған. Жазулар нүктелермен бөлінген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) ортада сансыз әскердің ортасында ат үстіндегі Шыңғыс ханның бейнесі «А. Дүзелханов картинасының фрагменті» орналастырылған. Монетаны айналдыра ағылшын тілінде «CHINGIZ KHAN» деген жазу, өмір сүрген жылдарын білдіретін «1162 - 1227» деген сандар және монета соғылған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1gr.» деген жазу бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерленіп жазылған.

Қыры (гурт) бедерлі.

Монета сынамы 925 күмістен, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, «proof» сапасымен дайындалған.

Ең көп таралымы - 13 мың дана (3 мың данасы Қазақстанның ішкі нарығы үшін).

